Ескі үлгідегі банкноттарды айырбастау мерзімінің аяқталуы жөнінде ақпарат

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Шығыс Қазақстан филиалы 2018 жылғы 14 қарашада ескі үлгідегі ақшалай қаражаттардың 10 жылдық айырбастау мерзімінің аяқталуы жөнінде хабарлайды: 2007 жылғы қарашаға дейін айналыста болған 1999 жылы шығарылған номиналы 200 және 500 теңгелік, 2000 жылғы үлгідегі номиналы 1000 және 2000 теңгелік, 1998-2001 жылдардағы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік және 2003 жылғы үлгідегі номиналы 10000 теңгелік. Оларды бір жыл ішінде екінші деңгейдегі банктер айырбастаған және 2008 жылдан бастап Ұлттық Банкі айырбастайды.

Бұл банкноттарды сіз көрнекті ғалым Әл-Фарабидің портреті және Ұлттық Банкі Төрағасының қолтаңбасы жанында орналасқан банкноттың шығарылған жылы бойынша айыра аласыз.

Ескі үлгідегі банкноттарды айырбастау мерзімінің аяқталуы жөніндегі ақпарат кімнің ескі үлгідегі ақшасы жасырын қоймада және қолдан жасалған «сақтау орнында» қалып қойғандарға қатысты айтылады. Халықтың негізгі бөлігінің қобалжуына себеп жоқ, өйткені 10 жыл бойы оларды қолданыстағы банкноттарға айырбастау жүргізілген болатын.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалының кассасында бүгінгі күнде 2006 жылы шығарылған үлгідегі банкноттарды қолданыстағы ақша белгісіне айырбастау жүргізіліп жатқанын ескертеміз:

- номиналдары 2000 теңгелік, 5000 теңгелік, 10 000 теңгелік – 2020 жылдың 3 қазанына дейін (қоса алғанда);
- номиналы 1000 теңгелік – 2021 жылдың 28 ақпанына дейін (қоса алғанда).

Көрсетілген банкноттарды филиал кассасында қабылдау және айырбастау жұмыс күндері сағат 9.00-ден 15.00-ге дейін айырбастау үшін комиссия өндіріп алусыз немесе ақы төлеусіз жүзеге асырылады.

Қолма-қол ақша айналысының барлық туындаған сұрақтары бойынша Ұлттық Банкінің Шығыс Қазақстан филиалына, мына мекенжай бойынша: Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 3 немесе 560-682, 560-683 телефондары бойынша хабарласуға болады. Сонымен қатар ұлттық валютаның банкноттары және монеталары туралы ақпарат www.nationalbank.kz сайтының «Ұлттық валюта» бөлімінде орналастырылған.

Ақпаратты дайындаған –
Ұлттық Банкінің Шығыс Қазақстан филиалы

Онлайн-кредиттеуді реттеу жөніндегі заңнамаға түзетулер туралы

2018 жылғы 16 шілдеден бастап ҚР Азаматтық кодексімен қарыз алушы жеке тұлғамен жасалатын қарыз шартының ерекшеліктерін белгілейтін түзетулер енгізілді. Қабылданған түзетулерді ескере отырып қарыз шарты келесі талаптарға жауап беруі керек:

-дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлға қарыз алушы болып табылады;

-қарыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ғана беріледі;

-қарыз шартында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі міндетті түрде болуға тиіс;

-қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі қарызды қайтару мерзімі өзгерген жағдайда да берілген қарыз сомасының 100%-нан аспауға тиіс;

-қарыз шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5%-нан аспайды, бірақ берілген қарыздың бір жылдағы сомасының 10%-нан артық емес;

-қарыз нысанасын есептемегенде, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және қарыз шартында көзделген өзге де төлемдер сомасын қоса алғанда, қарыз алушының қарыз шарты байынша барлық төлемдері жиынтығында қарыз шартының бүкіл қолданылу кезеңінде берілген қарыз сомасынан аспайды;

-қарыз шарты бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюта баламасына байланыстыра отырып индекстеуге жол берілмейді;

-қарыз шартының сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар және өзге де төлемдер мөлшері туралы талаптары оларды ұлғайту жағына қарай өзгертілмеуге тиіс.

Осылайша, 2018 жылғы 16 шілдеден кейін жасалған қарыз шартының талаптары көрсетілген талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеген жағдайда, шарт тараптары сот арқылы мұндай шартты жарамсыз деп тануға құқылы. Бұл ретте шартты жарамсыз деп тану борышкерді мәміле бойынша алынған ақшаны кредиторға қайтару міндеттерінен босатпайтынын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми Интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz) калькулятор орналастырылған, ол қарыз шарты бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін өз бетімен есептеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қоса Ұлттық Банк Азаматтық кодекстің осы бабы шеңберінде, оның ішінде интернет арқылы қарыз беретін компаниялардың қызметін реттемейтінін хабарлайды.

Екінші деңгейдегі банк пен клиент арасында жасалған банктік қарыз шартының ерекшеліктері «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметтері туралы» Қазақстан Республикасының Заңнама талаптарымен реттелетінін ескеру қажет.

Консультация алу үшін азаматтар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Шығыс Қазақстан филиалының Өскемен қ., Қазақстан к-сі, 3-үй және Урунхаев к-сі, 57-үй Семей қ. бөлімшесі мекенжайындағы қоғамдық қабылдау бөлмесіне өтініш жасай алады.

Ақпаратты ұсынған –
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Шығыс Қазақстан филиалы

«ШЫҒЫС-АҚПАРАТ» ЖШС САТАДЫ:

Экологиялық куәлік – 300 тг;
Куәліктің бланкісі – 200-320 тг;
Құттықтау папкалары (бумвинил) – 500 тг;
Құттықтау папкалары (баладек, балакрон) – 1000 тг;
Сызықты журналдар – 700, 1000 тг;
«Дидар», «Рудный Алтай» газеттері – 60 тг.

Телефон: 75–44–78.

Құттықтаймыз!

Облыстық «Дидар» газетінің жауапты хатшысы Тілеукен ТІЛЕУБЕРДІҰЛЫН мерейтойымен құттықтаймыз!

Әріптестеріңіз сіздің еңбекқорлығыңызды, азаматтығыңызды әрдайым бағалайды һәм құрметтейді.

Сіз сонау Алатау баурайында, Алматы құшағында жүргенде-ақ өзіңіздің кім екеніңізді ісіңізбен дәлелдеп қойғансыз. Бірақ туған жерге деген махаббат Сізді аңыздар елі, ғашықтар елі – Аягөзге жетелемей қоймады. Жеттіңіз, туған жерге тер төктіңіз... Бойыңыздағы шығармашылық қуат пен толағай талантқа аудан тарлық етері әу бастан ақиқат болатын. Сонымен, Шығыстағы руханияттың қара шаңырағы саналатын облыстық «Дидар» газетіне бет бұрдыңыз.

Иә, «Дидарға» қаламы қарымды тілші келді. Жүрек тербер жырлары бар лирик ақын келді. Той-думанның гүлі болған әнші-асаба келді. Техника тілін меңгерген, ұйымдастырушылық қабілеті мықты басшы келді. Ең бастысы, жұмысына тиянақты жауапты хатшы келді.

Осындай «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматпен ақпарат айдынындағы алып кемеде бірге келе жатқанымызға бек қуаныштымыз. Алла ұлыңды ұяға, қызыңды қияға өз қолыңмен қондыруды нәсіп еткей! Әлиямен бал жаласқан «әриайдай» ғұмырыңыз ғасырға жалғассын. Елу – ердің жасы. Ендеше ерлік көрсетер, бағындырар белестер соңғы жарты ғасырдың еншісінде деп ойлаймыз. Жасай беріңіз!

«Шығыс Ақпарат» ЖШС,
облыстық «Дидар» газетінің ұжымдары

ЖОБА

Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Быструха ауылының солтүстік-шығысына қарай электр беру желісін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Малая Убинка өзенінің және Быструха өзенінің (сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жерүсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Быструха ауылының солтүстік-шығысына қарай электр беру желісін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Малая Убинка өзенінің және Быструха өзенінің (сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Быструха ауылының солтүстік-шығысына қарай электр беру желісін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Малая Убинка өзенінің және Быструха өзенінің (сол жағалау) су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұрғалиев) бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Глубокое ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыс әкімінің аппараты, облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Д. Ахметов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясының басшысы
________________ Қ. Баймағамбетов
2018 жылғы «___»________________

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің
Шығыс Қазақстан облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің басшысы
________________ Ғ. Сүлейменов
2018 жылғы «___»________________

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2018 жылғы «_____» ___________
№ _________ қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Быструха ауылының солтүстік-шығысына қарай электр беру желісін жобалауға арналған жер учаскелері тұстамасындағы Малая Убинка өзенінің және Быструха өзенінің (сол жағалау) су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау белдеуі			Су қорғау аймағы		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Малая Убинка өзені (оң жақ) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде	22,24	632,0	500-1000	27,8	142,0	35-545
Малая Убинка өзені (оң жақ) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде	4,5	78,1	500	2,8	5,2	35
Малая Убинка өзені (оң жақ) қарастырылып отырған тұстамасы шегінде				1,7	2,9	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

Құттықтаймыз!

Тарбағатай ауданы, Қабанбай ауылының тұрғындары Жазыбай Ұғламқадырұлы ӘЛІМХАН мен Камал БАЗАРБАЙҚЫЗЫНЫҢ 10 қазанда отау құрғандарына 50 жыл толған алтын тойларымен құттықтаймыз! Жанұясына амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Ізгі тілекпен: Тұрсан-Рая, Есмұрат-Күлшат, Күлзада, Раушан

Құттықтаймыз!

№45 бейімделген орта мектеп ұжымын және 8 «в» сыныбы жетекшісі **Гүлфайруз Төлеуханқызы МУСИНАНЫ** ұлағатты ұстаздар мерекесімен құттықтаймыз! Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық және білімді шәкірттер тілеймін. Әр мамандық иесі шың басынан көрінсе, ол сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасы.



Ізгі тілекпен: ата–ана – Гүлмира Жұмағалиева

Құттықтаймыз!

Зайсан ауданы, Қаратал ауылының тұрғыны, жоғарғы санатты ұстаз Бағжамал Кәбішқызы ТАҚАТОВА!

Сізді төл мерекеңіз – Ұстаздар күнімен құттықтаймыз. 30 жыл бойы Қаратал орта мектебінде шәкірттеріңізге білім тұңғиығынан нәр алдырып, ізгілік пен адамгершілікке баулып, табандылықпен ерен еңбек етуге, биік мақсаттарға жетуге үйретіп келесіз.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке, шығармашылық табыс тілейміз.

Ізгі ниетпен: жұбайы – Мүбәрәк, балалары, немересі – Нұрмұқан

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Шығыс Қазақстан облысының қоғамдық кеңесі 2018 жылғы 8 қазанда, сағат 16.00-де Өскемен қаласы, М.Горький көшесі, 40 мекенжайында (мәжіліс залы 108 каб.) қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды. Толық ақпаратпен http://www.akimvko.gov.kz/kz/obshhestvennyij-sovet.html сайтында таныса аласыздар.

КЕЛІҢІЗДЕР, ҚАТЫСЫҢЫЗДАР: ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨНЕР БАЙҚАУЫ!

Өскемен қалалық ардагерлер кеңесі Халықаралық қарттар күніне орай, облысы орталығындағы зейнеткерлер арасында ұлттық құндылықтарды жаңғырту аясында төмендегідей өнер байқауын ұйымдастырады. Байқауға тілек білдіруші аға ұрпақ өкілдерінің мына мекенжайға жазбаша, ауызша, болмаса, телефон арқылы тапсырыс берулеріне болады. (Өскемен қаласы, Добролюбов көшесі, 44. (Телефон 8723-2-77-27-21, ұйымдастыру алқасы -87715534060)

БАЙҚАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ:

1. Халық әндерін орындау дәстүрі бойынша. Оның ішінде қазіргі кезде айтылмай, ұмыт болған әндерді орындауға басты назар аударылады;
2. Халықпен бірге туып, бірге жасап келе жатқан қазақтың «Қара өлеңін» айтудан байқау;
3. Эпостық батырлар жырынан үзінділер орындау байқауы;
4. Терме жанры бойынша байқау.

Өтетін орны: ШҚО достық және келісім орталығы.

Байқаудың өтетін уақыты: 12 қазан 2018 жыл, басталуы сағат 10.00-де.

ҚҰРМЕТТІ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен 2018 жылға мүгедектігі бар 73 адамды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға 10030 мың теңге бөлінді. Атап айтқанда, есту қабілеті бұзылған 66 адам және тірек-қимыл аппараты бұзылған жеті мүгедек.

Құрылған жұмыс орындарын субсидиялауға өтінім беру мәселелері бойынша Өскемен және Семей қалаларының жұмыспен қамту орталықтарына жүгіну қажет.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА

«Үржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ келесідей жобаны экологиялық сараптамаға береді: «Үржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-ін шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын игеру жобасы».

Барлық сұрақтар бойынша: ШҚО, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Ақжар ауылдық округі, Ақжар ауылы, «Үржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ, Абылай хан даңғылы, 1. Байланыс телефоны: 8 (7223)03-16-56.

«Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-і, Байланыс телефоны: 8 (7232) 25 72 06 хабарласуға болады.

ТЫҢДАУ

05.11.2018 жылы сағат 10.00-де, Абай даңғылы, 102 мекенжайында «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ («ҮМЗ» АҚ) көрме-ақпарат орталығында «ҮМЗ» АҚ. Солтүстік алаң. 600-ғимарат. Таблеткалар өндірісі. Техқайтажабдықтау. Ұнтақты араластыру желісі. Планетарлы-иірмекті араластырғыш» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Нысанды Өскемен қаласында, Абай даңғылы, 102 мекенжайында орналастыру жоспарланып отыр.

Жұмыс жобасы бойынша материалдар: қағаз тасығышта, Абай даңғылы, 102 мекенжайындағы «ҮМЗ» АҚ Көрме-ақпарат орталығында, анықтама телефоны: 29-81-53; электронды түрде, интернет-ресурстар: www/e-priroda.gov.kz («ШҚО Табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ) және www.ulba.kz («ҮМЗ» АҚ сыртқы сайты) орналастырылған.

Осы жоба бойынша анықтамалар, ескертулер мен ұсыныстар үшін: 29-82-12, 29-86-86, 29-81-68 (қабылдау бөлмесі) телефондары, электрондық мекенжай (қабылдау бөлмесі): SuslovaGS@ulba.kz арқылы байланыс жасауға болады.

ТЫҢДАУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 18 қазан, сағат 17.30-да Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Восточное ауылы, Школьный көшесі, 2 мекенжайында Ұлан ауданы әкімдігінің «Коммунальник» КМК көрсетіп отырған сумен жабдықтау қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметаларды бекітуге арналған өтінімін қарастыру кезінде жария тыңдаулар өткізетіндігін жариялайды.

«ШЫҒЫС-АҚПАРАТ» ЖШС ҰСЫНАДЫ:

- Журналдарды жұмсақ және қатты түптеу қызметтері;
- Мадақтама, күнтізбе, буклеттер, куәліктер (А7 форматта), визиткалар, ашық хаттар жасау қызметтері;
- Дипломдық жұмыстарды түптеу.

Телефон: 75–44–78.